Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса

# Қаратау тәжі

№49 (865) Сейс. 5 желтоқсан 2020 жыл | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | 2004 жылы 22-сәуірден шыға бастады

12+

## 1-ЖЕЛТОҚСАН ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!




Президент күні – халқымызды біріктіретін мемлекеттік деңгейдегі мерекеге айналды.Тәуелсіз қазақ елінің тағдыры – Елбасы тағдыры. Елбасы тағдыры – қазақ елінің тағдыры. Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болғаны баршамызға аян. Бүгінде Қазақстан, қарышты дамуымен дүниежүзін таңғалдырған, өзіндік айқын бағыты бар егемен ел ретінде қалыптасқан мемлекет. Елбасының жүргізіп отырған салиқалы саясатының арқасында еліміз әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуда зор жетістіктерге жетті. Ат тұяқ мерзімде қос құрлықтың арасындағы ұлан-байтақ кеңістікті бабадан қалған аманатты түгел иемденіп, атадан қалған аруақты туды аспақ ұстап, өз алдына ел болып, еңсе көтеріп кету үшін талмаусыз еңбек, қайтпас күрес, қажымас күш-жігер керек екеніне куә болдық.

Сондағы елдікке де, ерлікке де бастап, Тәуелсіздік туын көкке көтерген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын! «Елі ерім, ері елім» деген еліміз бен Елбасымыздың мәртебесі әлем елдері алдында мәңгілік биіктей берсін! Мемлекеттік тарихымыздың мерейлі мерекесі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні құтты болсын! Баршаңызға мерекелік көңіл-күй, отбасыларыңызға амандық, денderіңізге саулық тілейміз! Тәуелсіз Қазақстан жасасын! Еліміз, Елбасымыз аман болсын!

**Кентау қалалық музей ұжымы.**

## Отмечая День Первого Президента

*В ДК имени Ш. Калдаякова праздничной программой «Елбасы- елдің тұтқасы» отметили День Первого Президента РК. Зрителям были представлены видеоролики и буклеты/баннеры, посвященные жизни и деятельности Елбасы, а также его биография.*

*В ходе этого онлайн -концерта прозвучали стихи о Первом Президенте. Особо тепло была принята любимая песня Н. Назарбаева «Весна на Заречной улице» в исполнении Куаныша Мукатая. Трио «Ұш қоңыр» исполнило песни «Елім менің», «Ұш қоңыр» и «Шұбар ат» написанная Нурсултаном Абишевичем, танцевальная группа «Шабыт» исполнила праздничный танец «Шашу». Были и другие художественные номера в исполнении самодеятельных артистов Дворца культуры.*

**Магауя ХОЖАМУРАТОВ,**
**Кентау.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Ерсін и К XXI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылтайшысы және «Қаратау тәжі» газетінің Бас редакторының 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 58 БҰЙРЫҒЫ**

2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының және Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы шеңберіндегі сайлауды үгіт насихатты жүргізуге арналған «Қаратау тәжі» газетінде баспа алаңын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасындағы Конституциялық «Сайлау туралы» Заңның талаптарын мүлтіксіз орындау мақсатында 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының және Қазақстан Республикасы мәслихат депутатының кезекті сайлауы шеңберіндегі сайлауды үгіт-насихатты жүргізу шеңберінде «Қаратау тәжі» газетінде баспа алаңын ұсынуды орындау үшін

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының және Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы шеңберіндегі сайлауды үгіт насихатты жүргізу үшін «Қаратау тәжі» газетінде баспа алаңын ұсыну шарттарымен тәртібі туралы Ереже бекітілсін.
2. 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған партиялық тізім бойынша сайланатын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының және Қазақстан Республикасы мәслихат

